

**Қарақия аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 6/75 "Қарақия ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 11/115 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 желтоқсанда № 26235 болып тіркелді

Қарақия аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қарақия аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 6/75 "Қарақия ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережені бекіту туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3252 болып тіркелген) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген "Қарақия ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы" Ереженің 13-тармағының үшінші бөлігі келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"Қосымша бетшенің айқара ашылатын бетінің сол жағына ұлттық оюмен өрнектелген Қарақия ауданының символы орналасады."

2. "Қарақия аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Қарақия аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарақия аудандық мәслихатының хатшысы*

*Ж. Қалаубай*